

Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 наурызда № 10494 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.09.2025 № 244-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережесінің 15-тармағының 242) тармақшасына сәйкес,-
БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.09.2025 № 244-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.09.2025 № 244-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.09.2025 № 244-Ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жануарлардың түрлері
1	2
Сүт қоректілер	
1	Жанат тәрізді ит
2	Қарсақ
3	Түлкі
4	Қоңыр аю (Тянь-Шань аюынан басқасы)
5	Жанат
6	Бұлғын
7	Құну
8	Сарғыш күзен
9	Ақ қалақ
10	Ақкіс
11	Сары күзен
12	Сасық күзен
13	Америка су күзені
14	Борсық
15	Кәмшат (ортаазиялықтан басқасы)
16	Сілеусін (түркістандықтан басқасы)
17	Қабан
18	Құдыр
19	Өзен құндызы
20	Сібір елігі
21	Марал
22	Аскания бұғысы
23	Бұлан
24	Киік
25	Сібір тау ешкісі
26	Кәдімгі тиін
27	Зорман
28	Байбақ немесе дала суыры
29	Сұр суыр немесе алтай-тянь-шань суыры
30	Ұзын құйрықты немесе қызыл суыр

31	Ондатра немесе су тышқан
32	Құм қоян
33	Ор қоян
34	Ақ қоян
35	Қасқыр
Құстар:	
1	Қызыл жемсаулы гагара
2	Қара жемсаулы гагара
3	Сұр каз
4	Ақмаңдайлы каз
5	Қырманқаз
6	Отүйрек
7	Сарыалақаз
8	Барылдауық
9	Ысылдақ шүрегей
10	Қырылдақ шүрегей
11	Боз үйрек
12	Сары айдар үйрек
13	Қылқұйрық
14	Даурықпа шүрегей
15	Жалпақ тұмсық
16	Қарашақаз
17	Қызғыш
18	Көк сүңгуір
19	Қызылбас сүңгуір
20	Айдарлы сүңгуір
21	Айдарсыз сүңгуір
22	Ұшқыр үйрек
23	Сусылдақ
24	Айдарлы үйрек
25	Қара тұрпан
26	Кіші бейнарық
27	Секпілтес бейнарық
28	Бейнарық
29	Ақкұр
30	Тундра ақкұры
31	Құр
32	Саңырау құр
33	Сұр құр
34	Гималай ұлары
35	Кекілік
36	Дала шілі

37	Шіл
38	Сақалды шіл
39	Бөдене
40	Қырғауыл
41	Қасқалдақ
42	Дыркептер
43	Түзкептер
44	Көк кептер
45	Құз кептер
46	Кәдімгі түркептер
47	Үлкен түркептер
48	Күжіркей
49	Шаушалшық
50	Таукүдірет
51	Орман маңқысы
52	Ауылдақ таукүдіреті
53	Тау маңқысы
54	Маңқы
55	Жылқышы
56	Үлкен шалшықшы
57	Қасқа шалшықшы
58	Үлкен шырғалақ
59	Кіші шырғалақ